

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Орталық жүзу бассейні" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 қыркүйектегі N 1253 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 372 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.04.2014 № 372 қаулысымен.

Орталық жүзу бассейнінің қаржылық және материалдық-техникалық базасын нығайту, спортшыларды даярлау тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Орталық жүзу бассейні" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жарғылық капиталында мемлекеттің 100 пайыздық қатысуымен "Орталық жүзу бассейні" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытуға, халықаралық жарыстар мен ел чемпионаттарын өткізуге қатысу, елдің ұлттық командаларын және спортшыларды халықаралық жарыстарға дайындау қызметінің негізгі мәні деп белгілей отырып, Қоғамның Жарғысын бекітсін;

2) Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігіне Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену мен пайдалану құқығын берсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2001 жылғы 26 қыркүйектегі
N 1253 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Алматы қаласының аумағында орналасқан ұйымдар мен объектілерге қатысты мемлекеттік меншік түрлері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 қарашадағы N 1141 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 41, 371-құжат):

көрсетілген қаулыға 3-қосымшада:
реттік нөмірі 179-жол алынып тасталсын;
көрсетілген қаулыға 4-қосымша:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 129-жолмен толықтырылсын:

"129 Орталық жүзу бассейні, Абай даңғылы, 48-үй".

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген, Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-30-жолмен толықтырылсын:

"123-30 Орталық жүзу бассейні" ЖАҚ".

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына:

көрсетілген қаулымен бекітілген, Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігіне" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 228-3-жолмен толықтырылсын:

"228-3 Орталық жүзу бассейні" ЖАҚ".

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29. N 1130 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК